Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауының нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қостанай қ. «26» мамыр 2026 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) бекітілген 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік ережелеріне сәйкес Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) объектісі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК қызметі болып табылады

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК басшысының 2026 жылғы 25 мамырдағы №77 бұйрығымен бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі-2025 жылғы 1 шілдеден 2026 жылғы 26 маусымға дейін.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары және міндеттері

Талдаудың мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жемқорлықты жою болып табылады.

Талдаудың міндеті Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар және себептерді анықтау және олардың салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Ережелерінің 15 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері келесілер болып табылады:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер және ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;

4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;

5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

7) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) талдау объектісінің лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер;

10) сот органдарының талдау объектісі, қылмыстық істер фабуласы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты шешімдері;

11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;

13) талдау объектісінің қызметшілеріне, жұмысшыларына сұрау салу нәтижелері;

14) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

«Ұйымның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша келесілер қарастырылды:

1) Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы;
2) Қазақстан Республикасы оқу - ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; (ҚР Оқу-ағарту министрінің жаңа редакцияда - **23.01.2025ж. № 12** бұйрығымен);
3) Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрімен 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті үлгідегі және түрдегі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің 07.08.2023 № 248 толықтырулармен үлгілік қағидалары.
4) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспар**ларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығы**);
5) ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 12.08.2016 ж. №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР оқу - ағарту Министрінің 2022.10.14 № 422 бұйрығымен.

Нормативтік құқықтық актілерді талдау нәтижелері бойынша мектепке дейінгі ұйымда лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар белгіленбеген.

«№54 бөбекжайы» КМҚК қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда (бұдан әрі-ІҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Әкімшілік-басқару персоналының қызметі Ұжымдық шарт, лауазымдық нұсқаулықтар, оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары, бақшаішілік бақылау жоспары негізінде құрылады және педагогикалық, әдістемелік кеңестің, әдістемелік бірлестіктің және педагогтердің шығармашылық тобының жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Талдау барысында Ұжымдық шарт, ережелер, ішкі нұсқаулықтар және қызметкерлердің лауазымдық міндеттері зерделенді. Нәтижесінде, ұйымдағы еңбек қатынастарының құқықтық негіздері туралы жан-жақты түсінік пайда болды.

Ай сайын дәрісхана форматында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін жариялай отырып, кеңестер өткізіледі.

Оның қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері мәжілісінің хаттамасы жасалды.

Талданған кезеңде барлығы 12 мәжіліс өткізілді.

II. Ұйымдастырылған – басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау келесілерді көрсетті:

- Көрсетілетін қызметті беруші және көрсетілетін қызметті алушының тікелей байланысы алынып тасталды, өйткені «Балаларды мектепке дейінгі ұйы ұйымдарға қабылдау және есепке алу» мемлекеттік қызметі электрондық форматта көрсетіледі.
- Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері жоқ.
- Стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап ету жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде жауапкершілікті күшейту және бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелері бойынша жауапты тұлғалармен түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді алушылар арасында түсіндіру іс-шаралары тұрақты негізде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлер Тусова А.А., Захарова Е.А., Петрова Р.Р. 2026 жылдың мамыр айында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2025 жылғы 01 шілдеден бастап «54 бөбекжайында» «Электронды балабақша» indigo24.kz порталы арқылы балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау және есепке алу бойынша 124 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуді қолмен түзету анықталған жоқ.

«Педагог», «Педагог-тағылымдамашы» және «Педагог-модератор» санаттарына «Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі білім беру ұйымының базасында жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері-көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және «Ұстаз» педагогінің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» ақпараттандыру объектісі - "педагог-модератор", "педагог-сарапшы" біліктілік санатына; электрондық үкіметтің веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы-"педагог-зерттеуші", "бірінші санатты басшы"біліктілік санатына.

«54 бөбекжайында» алты педагогтың" Ұстаз "педагогтарының үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы арқылы құжаттар тапсырылды: А.М. Коржумбаева, Төлеу Ажар («Педагог-тағылымдамашы») Гонцаревич В.Г., Алимбаева А. А., Сафарян Л.В., Лясота В.В. «педагог-сарапшы! санатына. Жыл сайын мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шараларының медиа-жоспары бекітіледі.

Балабақшаның http://sad54-kst.edu.kz сайтында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша нормативтік құжаттамалар орналастырылған.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған ақпараттық стенд, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бөбекжайдың бірінші қабатында орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі «№54 бөбекжайы» КМҚК меңгерушісінің тұрақты бақылауында.

2.2. Кадрлық саясат

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК басқару функциялары: басқарушы (әкімшілік) персонал, негізгі персонал, қосалқы персонал қызмет бағыттары бойынша іске асырылады. Бөбекжай қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына (лауазымының төмендеуіне), сондай-ақ бөбекжайдың кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді. Жақын туыстарының бірлескен жұмыс фактілері 2 жағдай: анасы мен қызы – тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі (Алимбаева А.А. Алимбаева С.Т.); анасы және баласы әдіскер Захарова Е.А., баласы жабдықтау бойынша инженер Захаров В.Н. Меңгеруші А.А. Тусованың, директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары Е.Л. Турдың, бас бухгалтер Н.А. Исмагуловаңың туыстары жоқ. Лауазымдық өкілеттіктерге ие бөбекжай тұлғаларының жеке мүдделері арасында қайшылықтар жоқ. Мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайлардың алдын алу мақсатында қызметкерлермен мүдделер қақтығысының мәнін, оны реттеу тәртібін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын түсіндіруге бағытталған кеңестік жұмыс жүргізіледі.

Талдау жүргізу кезінде штат бірліктерінің нақты саны-76 қызметкерді құрайды, оның ішінде 6 - қоса атқарушылар, 5 қызметкер 3 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста (Есимжанова Д.К.,Нуржанова Г.М., Рамазанова А.К., Байбусынова С.Ж., Байгобен Г.Т.) осы қызметкерлердің әрқайсысының бұйрыққа сәйкес орны мен лауазымы сақталған. Педагогтар - 41 (оның ішінде меңгеруші және әдіскер), техникалық персонал - 35.

Ұжымда 8 ер адам, 68 әйел жұмыс істейді. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер 8 адам: Вершинин В.В. , Ким Е.М., Базанов П.М., Лемзикова Н.А. (күзетшілер); Похуляк И.В. (музыкалық жетекші), Өміртаев А. К. (аула сыпырушы), Кенжебаева К .К. (үй-жайларды жинаушы), Бердибекова Д.У. (қазақ тілі мұғалімі).

Осы қызметкерлермен жұмыс қабілеттілігін ескере отырып, жоғары кәсіби және білікті деңгейі бар қызметкерлері ретінде еңбек шарты ұзартылды.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап кезеңге 11 қызметкер жұмысқа қабылданды. Жұмыстан босатылғандар 14 (қызметкердің бастамасы бойынша). Бос жұмыс орындары туралы ақпарат «Enbek.kz» электрондық еңбек биржасында уақтылы орналастырылады. Жаңадан келіп түскен қызметкерлерге сотталмағандығы туралы мәліметтердің болуы туралы сұраныс салулар жүргізілді (сұраныс хаттар Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ-не уақтылы жіберілді, олар «Арнайы есепке алу» АЖ (ҚР БП жанындағы ҚСжАЕК) арқылы жүзеге асырылды, осы кезеңде 11 сұраныс салулар болды, барлық анықтамалар қызметкерлердің жеке істерінде сақталады. №54 бөбекжай қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, қызметкерлердің орташа жасы 45 жасты құрайтынын атап өткен жөн. 8 зейнеткерлік және 2 зейнеталды жасындағы қызметкерлер.

Тәртіптік практика

2025 жылдың шілдесінен бастап қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылмады. «Педагог мәртебесі туралы» заң, Әдеп кодексі, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бұзылған жоқ. Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданды. Еңбек тәртібі бұзылған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге теріс ақпарат орналастырылған жоқ.

Мүдделер қақтығысы

«Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша қызметкерлердің мүдделер қақтығысының, үлестес болуының фактілері анықталған жоқ. Меңгерушінің жақын туыстарын жұмысқа қабылдау жағдайлары анықталған жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Шарттар жасасудың тек қана электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және шынайы ақпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтыққа бағытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік берді. Бас бухгалтер Н.А. Исмагуловамен барлық бастапқы құжаттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды, бюджет қаражатының төлемдері мен аударымдары

мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп ережелері мен нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі. Жалақыны есептеу жұмыс уақытын есепке алу табельдері, бұйрықтар және құжаттарды негіздейтін басқа да актілер негізінде жүргізіледі. Еңбекке ақы төлеу қызметкерлерге жалақыны карточкаларға аудару арқылы жүзеге асырылады. Шот карталарына бөгде адамдардың аударымдары немесе өтініш бойынша анықталған жоқ. ҚР Еңбек кодексінің 2-тармағының 113-бабына сәйкес әрбір қызметкерге еңбекақы төлеу түрлері бөлінісінде деректер егжей-тегжейлі көрсетілген есеп айырысу парағы берілді. Бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану анықталған жоқ. ТМҚ мен негізгі құралдарды есептен шығару тауарлық – материалдық құндылықтарды есептен шығару жөніндегі Ережеге сәйкес жүргізіледі. Негізгі құралдар кәсіпорынның балансынан: 100% жеке және моральдық тозу, қалпына келтіруді жөндеудің мүмкін еместігі және орынсыздығы, апаттар, дүлей зілзалалар жағдайларында жарамсыздығы кезінде есептен шығарылады. Қорларды есептен шығару материалдық жауапты тұлғалардың есептері бойынша есептен шығару актілері негізінде жүзеге асырылады. Басқа қорлар пайдалану фактісі бойынша, орнату, ауыстыру актілері, орындалған жұмыстар, ақаулы ведомостар негізінде есептен шығару актісі кейіннен ресімделе отырып есептен шығару актісі негізінде есептен шығарылады. Азық-түлік күн сайын, балалар саны бойынша есептеулерге сәйкес шығарылады. Күнделікті есептеулер негізінде бір айға жиынтық ведомосі жасалады және тамақ өнімдерін есептен шығару актісі қалыптастырылады. Есептен шығару актілерінде есептен шығарылатын объектілерге сипаттама беріледі, себебін көрсетеді. Осы кезеңде азық-түлік, шаруашылық, сантехникалық, кеңсе тауарлары, дезинфекциялық және жуғыш заттар мен жұмсақ құрал жабдық есептен шығарылды. Тоқсан сайын бас бухгалтер білім бөлімінің мамандарына бюджет қаражатының жұмсалуы туралы есеп береді.

2025 жылғы 1 шілдеден бастап кезеңде мемлекеттік сатып алулар жүргізілді:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 13;
- ашық конкурспен – 3;
- тәрбиеленушілер мен білім алушылардың тамақтануын қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу жөніндегі конкурс – 10;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір табыс көзінен – 10;
- шарт жасасу арқылы бір табыс көзінен (16 бап) –9;
- тамақтану бойынша ашық конкурспен - 1

Барлық шарттық міндеттемелер орындалды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде ұйымның қызметіне қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу жөніндегі маманға мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің ашықтығы мен ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау ұсынылды.

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы. *Құжаттаманы есепке алу.*

«Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау және есепке алу» мемлекеттік қызметі автоматтандырылды. Енгізілген деректер негізінде статистикалық және талдамалық есептерді қалыптастыруға арналған «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесі (ҰБДБ) сәтті бейімделді. Азаматтық қызметшілер және қызметкерлердің жеке істері зерделеніп, барлық қызметкерлер ҰБДБ-на енгізілді. Саны штат кестесіне сәйкес келеді. Құжаттаманы есепке алу талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Істер номенклатурасы бекітілді.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

2021 жылғы 1 шілдеден бастап өтініштерді қарау тәртібін өзгертетін әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің (бұдан әрі – АРПК) нормалары күшіне енді. Осы кезеңнен бастап өтініштерді қабылдау, тіркеу және қарау «Е-өтініш» арқылы жүргізіледі. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап кезеңге Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№54 бөбекжайы» КМҚК 9 өтініш түсті, жауап мерзімдерді бұзбай ұсынылды.

Мектепке дейінгі ұйымның атына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштері уақтылы тіркеледі, өңделеді, орындалады және бақыланады. Барлық өтініштер бойынша жауаптар уақтылы беріледі, қойылған сұрақтарға түсініктемелер беріледі.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Біздің балабақшаның ақпараттық ашықтығын, айқындығын қамтамасыз етеді: https://sad54-kst.edu.kz осы мекен-жай бойынша ресми сайт: Instagram әлеуметтік желісіндегі Парақша: yasli_sad54 мекен-жайы, БАҚ-та басып шығару: облыстық апталық «Учительская плюс» қоғамдық ақпараттық-білім беру газетінің беттерінде, онда педагогтар түрлі іс-шаралар, ұсыныстар және жадынамалар өткізу туралы ақпаратты орналастырады.

Бұл қызмет келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- Ата-аналармен өзара іс-қимыл процесінде МДҰ қызметінің ашықтығын, айқындығын және дәйектілігін қамтамасыз ететін бірыңғай білім беру ақпараттық кеңістігін дамыту.
- Ұйымда болып жатқан оқиғалар туралы жедел және объективті хабарлау.
- МДҰ Интернет-қоғамдастықта ұсыну.
- Тәрбиеленушілер және педагогикалық ұжымның жетістіктері, МДҰ еркшеліктері, оның даму тарихы, іске асырылып жатқан жобалар туралы ақпараттың жағымды презентациясы. Тәрбие-білім беру үдерісінің барлық қатысушылары: педагогтер, ата-аналар, ұйымдар және мүдделі тұлғалар арасында желілік өзара іс-қимыл жасау және тәжірибе тарату үшін жағдай жасау.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 4-бабының 3-тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі ашықтық және жариялылық қағидаты болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс (ақпаратты бөбекжай сайтында, «Facebook», «Instagram» сайттарында, Watcap ата-аналар топтарында, стендтерде орналастыру) жүргізіледі. Ақпарат бөбекжай қызметін ұйымдастыру, оқу-тәрбие үдерісі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мәселелерін қарастырады. Мектепке дейінгі ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің тиімділігі, оның ішінде бөбекжай қоғамдастығының оның іс-шараларын іске асыруға қатысуымен қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта «54 бөбекжайы» КМҚК әкімшілігі ата-аналар үшін бөбекжай ұжымының мүшелерімен өзара іс-қимыл процесінде кездескен сыбайлас жемқорлыққа бағытталған фактілер туралы жазбаша, ауызша нысанда шағымдар және өтініштер беру мүмкіндігін қамтамасыз етті. Әкімшілікпен кестеге сәйкес азаматтарды қабылдау жүргізіледі. Қабылдау уақыты туралы ақпарат ақпараттық стендте орналастырылған. Бөбекжайда ата-аналарға арналған «Сенім телефоны» жұмыс істейді. 2025 жылғы 2 қыркүйекте педагогикалық ұжыммен "балабақша қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті" тақырыбында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың негізгі қағидаларын, ұйым қызметіндегі ашықтық пен ашықтық мәселелерін түсіндіру мақсатында ұйымдастыру кездесуі өтті. Қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларымен және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шараларымен танысты. 2025 жылғы 8 желтоқсанда Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналған бірыңғай сағат өткізілді. Іс-шара шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ кәсіби қызметтегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.. Аталған ақпарат көздері бойынша аталған кезең ішінде ата-аналар, бөбекжай қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері туралы шағымдар, арыздар мен өтініштер түскен жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

№54 бөбекжайы рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.
№54 бөбекжайы бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

2.8. Сот практикасын талдау

Жоқ

2.9. Қадағалау органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Жоқ

2.10. **Фискалдық органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер**

Жоқ

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

Жоқ

2.12. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі

Мектепке дейінгі ұйым туралы және балабақша қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін интернет-сайттарға, бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттелу кезеңіне теріс материалдар анықталған жоқ.

Қорытынды:

«№54 бөбекжайы» КМҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатқаны атап өтілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша одан әрі жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында жұмыс тобымен мынадай ұсыныстар берілді:

1) Мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау.
2) «№54 бөбекжайы» КМҚК қызметкерлері квазимемлекеттік сектор тұлғалары үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау жөнінде шаралар қабылдау.
3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды алдын алуды насихаттау жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жүргізуге, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту үшін әңгімелер жүргізу, әртүрлі оқыту, дәрістер, құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтарын өткізу.
4) Сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау мақсатында ұйымның қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерге тұрақты негізде мониторинг жүргізу. Мұндай факторлар анықталған жағдайда нормативтік-құқықтық актілерді түзету жөнінде ұсыныстар енгізу.
5) Комплаенс-офицер Сухинина В.В. жұмыс тобымен бірлесіп «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» айдарының мазмұнын үнемі толықтырып отыру.
6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесін мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастыру.

«№54 бөбекжайы» КМҚК меңгерушісі **Тусова А.А.**

«№54 бөбекжайы» КМҚК
жұмыс тобының төрайымы: **Захарова Е.А.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесі

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ықпал ететін лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман	Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу	Мемлекеттік сатып алу нәтижелеріне адами факторының әсер ету тәуекелі – тәуекел деңгейі **төмен.** Сатып алу туралы толық емес немесе дұрыс емес ақпаратты орналастыру-тәуекел деңгейі **орташа.**